

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
22.04.2020 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 22.04.2020 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Әділет министрі Марат Бакытжанұлы Бекетаев мырзаға беріледі.

БЕКЕТАЕВ М.Б. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңының жобасы Президенттің Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің екінші отырысында берген тапсырмасын іске асыру мақсатында әзірленді.

Заң жобасымен партиялық сайлау тізімдерінде әйелдер мен жастар үшін 30 пайыз квотаны қарастыру ұсынылады.

Осы мақсатта «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңда әйелдер мен жастарға арналған квоталарды партиялық тізімге енгізу туралы талап қойылатын болады.

Жалпы, бүгінгі таңда әлемдегі мемлекеттердің басым бөлігі әйелдер мен жастардың сайлау процесіне тең қолжетімділігіне кепілдік беру үшін қажетті шаралар қабылдауда.

Партиялық гендерлік квоталар Еуропа елдерінде қолданылады және осындай ережелер Германия, Норвегия, Франция және Бельгияда кеңінен таралып, олар сайлау туралы заң деңгейінде бекітілген.

Осыған орай халықаралық тәжірибе аясында ұсынылып отырған жаңа нормалар әйелдерді елдің қоғамдық-саяси процестеріне белсенді тартуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы атап өткендей, біз жастардың Парламентке және жергілікті өкілетті органдарына келуіне ықпал етуге тиіспіз.

Осы бөліктегі заңнамалық түзетулер қоғамдық-әлеуметтік проблемаларды шешу үшін қабілетті жастарды да саясатқа белсенді тартуға мүмкіндік беретін болады.

Назарларыңызға рақмет. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Баяндама аяқталды. Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Қаныбеков Сәкен Әсембекұлына беріледі.

ҚАНЫБЕКОВ С.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мен заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын.

Құрметті Марат Бақытжанұлы! Сарапшылардың заң жобасына жасаған қорытындысынан жастарға арналған квоталарды заңнамалық тұрғыдан ресімдеу саяси партиялардың тізімінде кеңінен таралмағанын және ол қазіргі заманғы мемлекеттердің сайлау учаскесінде салыстырмалы түрде жаңа құбылыс болып табылатынын ұсынуға болады.

Айталық, Швецияда, Венгрияда, Литвада және басқа да елдерде жастарға арналған квоталар мөлшері орта есеппен 20 пайызды, бірақ шекті жас 30-45 жасты құрайды. Осыған байланысты сұрағым бар.

Бүгін қаралып жатқан заң жобасында неліктен тек 29 жасқа дейін тандап алынған? Және 20-28 жастағы жастарды Мәжілісте және мәслихаттарда қабылданатын шешімдерге ықпал ету үшін өмірлік және кәсіби тәжірибелері жете ме? Рақмет.

БЕКЕТАЕВ М.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Осы заң жобасын әзірлеу барысында біз шетелдік тәжірибені зерттедік. Әр мемлекеттің тәжірибесі әртүрлі, мысалы, көрші Ресейде ол 30 жасқа дейін. Осы заң жобасында жас шектеуі «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңына сәйкес белгіленді.

Екінші сұрағыңызға келетін болсақ, жалпы, саяси партиялар өз қатарларына жас лидерлерді тартады және оларды қолдайды, көмектеседі, тәжірибесі аз болса, оларға ақыл-кеңестерін береді, осылайша, саяси партиялар өздеріне жастардың даусын қосымша қамтамасыз етеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Шынын айту керек, бұл мәселе қоғамда және жұмыс тобында көп талқыланды. Біріншіден, көптеген елдерде сайлау кезінде партиялық тізімде жастарға арналған квота міндетті түрде бекітілген. Екіншіден, қай кезде болса да, қандай қоғамда болса да жастарға деген сенім өте зор. Әрине, жастардың өмірлік тәжірибесі аз да болуы мүмкін, бірақ олардың заманға сай идеялары, олардың заманға сай ұсыныстары өте көп. Қазақ халқы осындайда «Асыл – тастан, ақыл – жастан» дейді. Сондықтан, меніңше, жастар квотасы партиялық тізімде заң бойынша міндетті түрде болу керек. Баршаңыз жақсы білесіздер, ол бойынша өз ұсынысын Мемлекет басшысы да айтты, оны қазір министр де өз баяндамасында айтты. Сондықтан оны міндетті түрде қолдауымыз керек. Әрине, 29 жасты біреулер жастау дейді, біреулер жасы жетті дейді, бірақ олардың заманға сай жаңа креативті идеялары бар, ұсыныстары бар. Сондықтан, меніңше, одан қорықпауымыз керек.

Сөз депутат Нұрманбетова Жәмилә Нүсіпжанқызына беріледі.

НҰРМАНБЕТОВА Ж.Н. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мой вопрос адресован представителю Центральной избирательной комиссии.

Согласно Конституционному закону «О выборах в Республике Казахстан» для прохождения политической партии в Мажилис Парламента ей необходимо набрать 7 процентов голосов избирателей. В свою очередь партия, набравшая необходимый процент голосов, приступает к процедуре распределения депутатских мандатов.

В связи с этим у меня вопрос.

На какой стадии должна учитываться обязательная 30-процентная квота для женщин и молодежи – после преодоления на выборах 7-процентного барьера необходимых голосов избирателей, на стадии регистрации списков либо еще раньше, то есть на стадии выдвижения? Поясните, пожалуйста, этот момент.

ЩЕГОРЦОВА А.Г. Спасибо за вопрос.

Действительно, электоральная практика различных стран допускает различные подходы к вопросу квотирования. Есть страны, где это учтено на стадии регистрации и выдвижения списков. Также допустимо квотирование и при распределении депутатских мандатов.

Каким-либо международным стандартам электоральной сферы предложенный разработчиком подход не противоречит. Я думаю, что подробнее о логике заложенного в рассматриваемом проекте закона подхода Министерство юстиции, как субъект законодательной инициативы, пояснит самостоятельно. Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста.

БЕКЕТАЕВ М.Б. Большое спасибо за вопрос.

Логика была такой, что это комбинированная квота для женщин и молодежи. Соответственно, полномочия по принятию решения принадлежат в первую очередь партии.

Отвечая на Ваш вопрос о том, в какой момент будет проверяться 30-процентная квота, могу сказать, что в момент утверждения списка на съезде партии необходимо учитывать 30-процентную квоту, а избирательная комиссия в момент регистрации этого списка будет также проверять эту квоту. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Теміржанов Мұрат Баритұлына беріледі.

ТЕМІРЖАНОВ М.Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Уважаемый Марат Бакытжанович! Как Вы сами сказали, законопроектом предусмотрена обязательная норма о наличии в избирательных партийных списках 30 процентов женщин и молодежи (статьи 89 и 104 Конституционного закона «О выборах в Республике Казахстан»). Однако, на наш взгляд, данная норма может привести к различным ее толкованию и реализации на практике. Исходя из ее смысла, например, можно включить в партийный список 29 процентов лиц в возрасте до 28 лет и 1 процент женщин, и наоборот, что в сумме дает 30 процентов от списка.

Необходимо отметить, что, как правило, в международной практике квоты для каждой из этих групп устанавливаются отдельно.

В связи с этим у меня возникают вопросы:

1. Каков будет на практике механизм распределения квоты между женщинами и молодежью?

2. К какой категории будут относиться женщины, не достигшие 29 лет?  
Спасибо.

БЕКЕТАЕВ М.Б. Действительно, практика может сложиться самая различная. Такие примеры, как Вы привели (29 процентов женщин и 1 процент молодежи), вполне возможны.

Касательно женщин до 29 лет. Это также на усмотрение партии, ею будет определяться, к какой категории отнести конкретного кандидата. Это сделано намеренно, чтобы партии сами имели возможность определять. На самом деле в зависимости от конкретной текущей политической ситуации партия будет свободно и гибко реагировать на такую политическую ситуацию. В конце концов решение будет принимать избиратель, какой партийный список он считает наиболее конкурентоспособным, какое соотношение женщин и молодежи он выберет. Спасибо.

ТӨРАҒА. Коллеги, я знаю, что на заседаниях рабочей группы активно обсуждался этот вопрос, активно обсуждался сам механизм распределения квоты между женщинами и молодежью. Были разные подходы, к примеру, квотировать отдельно только женщин, квотировать отдельно только молодежь. Знаю, были и сомнения: не будут ли в каких-то избирательных списках преобладать женщины, а в каких-то партийных списках – молодежь.

Нам надо, главное, понимать, что механизм распределения квоты между женщинами и молодежью – это внутренний вопрос и внутреннее решение каждой политической партии. Никто не запрещает партиям формировать списки из одной молодежи либо формировать списки только из одних женщин. Наверное, на практике (вопрос депутата Темиржанова прозвучал) это может сложиться по-разному. Не исключено, что избирательный список какой-то партии будет состоять только из молодежи, а чей-то партийный список может напоминать известный сюжет из популярного фильма – в списке только девушки, причем все до 29 лет.

ЗАЛДА КҮЛКІ.

ТӨРАҒА. Смотрите, как коммунисты оживились!

ЗАЛДА КҮЛКІ.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Кесебаева Балаим Туғанбайқызына беріледі.

КЕСЕБАЕВА Б.Т. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Марат Бақытжанұлы! Баршамызға белгілі, Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы Жарлығымен бекітілген 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасына сәйкес биліктің атқарушы, өкілді және сот органдарында, мемлекеттік, квазимемлекеттік және корпоративтік секторларда әйелдердің шешім қабылдау деңгейіндегі өкілдігін 30 пайызға қамтамасыз ету міндеті тұр.

Марат Бақытжанұлы, айтыңызшы, осы ұсынылып отырған заң жобасы каншалықты мемлекеттік гендерлік саясаттың мақсаттарына сәйкес келеді? Бұл жерде 30 пайызға әйелдер жастармен қоса алғанда айтылып отыр.

БЕКЕТАЕВ М.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Әрине, ол осы заң жобасын әзірлеу барысында аталған тұжырымдаманың ережелері ескерілді. Заң жобасы қабылданса, Сіз атап өткен міндетті орындауға бұл заң жобасы оң әсерін тигізеді. Біздің ойымызша, заң жобасының және тұжырымдаманың мақсаттары бір-біріне сәйкес келеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті депутаттар, тағы сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Марат Бақытжанұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі депутат Имашева Снежанна Валерьевнаға беріледі.

ИМАШЕВА С.В. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Заң жобасында Мәжіліс және мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін тіркеуге қатысты толықтырулар енгізіледі, олар партиялық сайлау тізімдерінде әйелдер мен 29 жасқа дейінгі адамдардың міндетті түрде 30 пайыз болуын көздейді.

Жаңа заң Мәжіліс пен мәслихаттар деңгейіндегі сайлау процестеріне жастар мен әйелдерді анағұрлым белсенді тартуға бағытталатын болады. Заң жобасының мемлекеттік гендерлік саясаттың мақсаттарына сай келетіні, сондай-ақ Қазақстан шешімдер қабылдау деңгейінде әйелдердің санын ұлғайту бөлігінде қабылдаған халықаралық міндеттемелерді орындауға ықпал ететіні маңызды.

Сонымен қатар заң жобасы Парламент пен жергілікті өкілді органдарға жастардың келуіне ықпал етеді.

Бейнеконференция режимінде өткізілген жұмыс тобының отырыстарына депутаттар мен мемлекеттік органдардың өкілдерінен бөлек, «Ауыл» және Жалпыұлттық социал-демократиялық партия парламенттік емес саяси партияларының өкілдері, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшелері, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты.

Заң жобасын талқылау барысында жұмыс тобына нормалардың мағынасын өзгертпейтін редакциялық түзетулер келіп түсті. Жұмыс тобының мүшелері аталған түзетулерді бірауыздан мақұлдады. Сонымен қатар квотаны әйелдер үшін бөлек және жастар үшін бөлек бөлу бөлігінде өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар талқыланды. Алайда келіп түскен барлық ұсыныстарды егжей-тегжейлі талқылағаннан кейін жұмыс тобы осы ұсыныстарды қабылдамау туралы шешім қабылдады.

Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті заң жобасын талқылап, жұмыс тобының редакциялық сипаттағы өзгерістер бөлігіндегі ұсыныстарын қолдады.

Парламент Мәжілісінің тұрақты комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Жұмыс тобының барлық қатысушыларына ұсыныс пен қолдау көрсеткендері үшін алғыс білдіргім келеді, әсіресе парламентаралық емес партия өкілдері Асхат Рахымжановқа, Төлеутай Рахымбековке, қоғамдық сенім Ұлттық кеңесінің мүшелері Андрей Чеботарев пен Башимов Маратқа, азаматтық қоғам өкілдері Сәрсембаева Раушан, Әжіғұлова Халида, Болысов Тоқтарға осы өте маңызды заң жобасын әзірлеу кезіндегі белсенділік пен ынтымақтастық үшін.

Осы айтылғандардың негізінде комитет заң жобасын мақұлдап, оны Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қарауына жіберуге болады деп есептейді.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Снежанна Валерьевна.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Сапарова Әлия Сүйіндікқызына беріледі.

САПАРОВА Ә.С. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Қарастырылып отырған «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заң жобасының басты мақсаты әйелдер мен жастардың еліміздегі қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысуын ынталандыру болып табылады.

Аталмыш заң жобасы аясында өкілді билік органдарының жұмысына әйелдердің қатысуына квотаның белгіленуі туралы ұсыныс, олардың кепілді қатысуына мүмкіндік береді.

Әйелдер қауымы еліміздің халық санының 52 пайызын құрап, барлық әлеуметтік саланың – білім беру, медицина, мәдениет, әлеуметтік қорғау салаларындағы ішкі контенттің мазмұнына жан жақты қанық. Сондықтан шешімдер қабылдау деңгейінде осы және басқа да мәселелерге қатысы бар топтардың мүддесін қорғай біледі.

Қоғамда жастардың орны ерекше болғандықтан Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап жастар мәселесіне ерекше мән беріп, назардан тыс қалдырмай келеді.

Жастардың өздерін жетілдіруіне, табысты дамуына жағдай жасалып, арнайы бағдарламалар мен жобалар іске асырылады. Жастар жылы деп жарияланған арнайы жылы да атқарылған игі істер жастардың рөлін арттырып, бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге жаңа серпін бергені сөзсіз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес барынша даярланған, тәжірибелі жастар үшін

мемлекеттік басқару және квазимемлекеттік сектор жүйесінде басшылық қызметке тұруға бірегей мүмкіндік ашатын, тиімді әлеуметтік саты құру мақсатында жасақталған Президенттік жастар кадрлық резерві де алғашқы жемісін беруде. Ал қаралып отырған заң жобасы аясында жастардың қоғамдық-саяси процестерге қатысуын ынталандыру мәселесі бұл жастардың әлеуметтік және саяси белсенділігін одан әрі арттыра түседі.

Осыған байланысты ұсынылып отырған заң жобасын толығымен қолдаймын.

Құрметті әріптестер, қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Әлия Сүйіндікқызы.

Құрметті әріптестер, басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсыныс дауысқа қойылады. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулы қабылдауымыз керек. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



*Құжаттамамен қамтамасыз ету  
бөлімінің сектор меңгерушісі  
Майя Н. Шағымбаева*